



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

В жизни каждого народа, государства были события, которые нельзя забывать. Бережное отношение к этим событиям, к его истории - лучший гарант того, что сегодня и завтра мы не совершим новых.

Список использованных источников:

1. Н.Назарбаев Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания <http://www.akorda.kz>
2. Ахметжанова А.Т., Сарыбаев М.С. Вопросы модернизации обучения педагогических работников в Казахстане. <https://articlekz.com>
3. Ахмет Байтурсынов. Персоналии. <http://e-history.kz/ru/biography/view/20>

ӘОЖ 94(574)

ИСЛАМ ӘЛЕМІНДЕГІ ӨРЛЕУ

Андасов О.А.

ongar.andasov@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 1курс магистранты.

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Үміткалиев Ұ.Ұ.

Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениетінде ислам діні және мәдениеті өзіндік орын алады. Ислам дінін қазақ жерін мекен еткен тайпалардың толық қабылдауы 8 ғасырға жуық уақытқа созылды. Осы дінді қабылдау барысында түркі тайпаларының мәдени және рухани тұрғыдан дамуы орын алды. Қазақ жерінің көптеген қалаларында христиандық шіркеулер мен буддалық храмдарды мешіт-медреселерге алмастыру процесі жүрді. Кесенелер мен мұнаралар және моншалар көптеп соғыла бастады. Бұл қалалық мәдениеттің, сәулет өнерінің жоғарғы деңгейге көтерілуіне себеп болды. Қалалық сәулет өнерінің дамуын ортағасырлық жазба деректерден және археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінен білуімізге болады. Оңтүстік Қазақстан қалалары жайлы Әл-Кинди, Мақдиси және Ибн Хордадбек сынды араб саяхатшылары мен географтары құнды мәліметтер қалдырған. Археологтар мен тарихшылар Орталық Азия мен Қазақстанның қалалық мәдениетінің дамуының ең жоғарғы шыңы Х-ХІІ ғғ. деп көрсетеді. Сол замандағы ғылым мен білім, сәулет құрылыстары, өнер және рухани дүниенің дамуын бұның дәлелі ретінде қарауға болады.

Әлемдік мәдени үрдісте Шығыстың ортағасырлық мәдениеті ерекше рөл атқарады. Бұл кезеңді неміс зерттеушісі Адам Мец «мұсылман ренессансы» деп атады[1]. Ортағасырлық мұсылман әлемі жоғары деңгейде дамыған мәдениетті қалыптастырып, әлемдік өркениеттің басында тұрды. Бұл кезең Әл-Кинди, Әл-Фараби, Ибн Сина, Ибн Рушд, Абу-Райхан Беруни сында ғұламаларды дүниеге әкелді.

Араб мәдениетінің дүниеге келуі халифаттың пайда болуымен тығыз байланысты. VII-VIII ғасырларда мәдени дамуы жағынан арабтардан жоғары тұрған парсылар, сириялықтар, коптар, иудейлер, Солтүстік Африканың этностары және басқаларды арабтар жаулап алды. Араб-мұсылман мәдениеті өзіндік араб элементінен басқа осы халықтардың мәдениетінен көп нәрсені өзіне сіңіргенін атап өту маңызды. Арабтар эллиндік және римдік мәдениеттердің мол мұрасын игерді. Соңғы ғылыми жаңалықтар еуропа мәдениетінің ежелгі грек өркениетінің тікелей мұрагері емес екендігін дәлелдеді. Гректердің ғылымы мен философиясы еуропалықтарға мұсылман ойшылдары арқылы жетті. Еуропа мәдениетінің көптеген жетістіктерін мұсылман мәдениетінің жетістіктері деп қарастырсақ дұрысырақ болар еді. Тіпті

«адамгершілік-гуманность», «адамдық-человечность» (адамият) терминдерінің өзі ең бірінші мұсылман әлемінде пайда болған. Оның авторы ұлы парсы ақыны Саади(ХІІІ ғ) болатын.

VII ғасырдың ортасынан бастап грек және сирия тілдерінен араб тіліне көптеген аудармалар жасалынды. Философия, астрономия, математика ғылымдары бойынша еңбектер аударылды. Европада арабтардікі деп аталатын цифрларды олар үнділіктерден алған болатын. Ғылымның орталықтары Бағдад, Басра, Куфа, Харрон сынды қалалар болды. Бағдад қаласында өзіндік академияны, кітапхана мен обсерваторияны біріктірген «Ғылым үйі» болған.

VIII ғ соңына қарай Қытайдан Орталық Азия арқылы Таяу Шығыс елдеріне қағаз дайындау техникасы келді. Мұсылман әлемінің барлық елдерінде көптеген жекеменшік және қоғамдық кітапханалар ашылды. Бұл кітапханалар өзінің көлемі жағынан монастырлық кітапханалардан әлдеқайда үлкен болды. Адам Мец өзінің «Мұсылмандық ренессанс» атты еңбегінде сол кезеңнің адамдарының ғылым мен білімге құштарлығын былайша сипаттайды: «Кез келген мешіттің өз кітапханасы болған немесе адамдар кітаптарды мешітке табыстайтын дәстүр болған».

X ғ. мұсылман мектебінің орта және жоғарғы түрі – медреселер ашылды. Эллиндік және үнділік ғылымдардың негізінде арабтарда математика, география және астрономия дамыды. Әсіресе шығыста ежелден үлкен маңызға ие болған медицина қарқынмен дамыды. Сонымен бірге араб әдебиеті мен каллиграфиясының дамуы көптеген қолжазбалық туындыларды дүниеге әкелді.

Миниатюралық өнерде жақсы дамыды, бұл өнердің ең жоғарғы сатысы 13 ғ. бағдаттық мектептің миниатюралары. Миниатюраларды әр түрлі геометриялық, медициналық және астрономиялық қолжазбалармен әсемдеді [1].

Арабтар қызыл түсті көзге ең жағымды деп санады. Бұл – балалардың, әйелдердің және қуаныштың түсі еді. Қызыл түс қаншалықты жағымды болса, сұр түс соншалықты жағымсыз деп есептелді. Ақ, қара және күлгін қайғы қасіреттің белгісі. Исламда әсіресе жасыл түс ерекше назар аудартты. Көптеген ғасырлар аясында бұл түс мұсылман еместерге және ислам дінінің төменгі сатысында жүргендерге тыйым салынған түс.

Ислам әлемінің архитектурасы арабтардың дәстүрлі архитектурасы мен жаулап алынған жерлердің архитектураларының бірігуі негізінде дамыды. Араб сәулетінің дамуына үлкен үлес қосқан Дамаск қаласындағы Омеяд халифатының Үлкен мешіті. Көптеген мұсылман орталықтарынды өзіндік архитектураға ие мұнаралар салына бастады. X ғ. құрылыстарды араб лигатурасының стилі негізіндегі геометриялық өрнектермен әсемдеді. Бұндай өрнекті европалықтар арабеска деп атады.

1886 жылы туылған жазушы, ойшыл, католиктік отбасынан шыққан Р.Генон 1912 жылы ислам дінін қабылдады, ал 1930 ж. Европаны мәңгілікке тастап Каирге көшіп кетті. Ол европалық және мұсылмандық мәдениеттерді жақсы білді және бұлардың өзара байланысы жайлы объективті пікір білдіре алды. Р.Генон европа мәдениетіне ислам өркениетінің ықпалын атап көрсетеді [2]. Ол ислам ғұламалары мен философтары болмағанда мүмкін европалықтар ешқашан да ежелгі дәуірдің ғылымы және философиясымен таныспаған боларма еді деген тұжырым айтады. Бүгінгі таңда біз пайдаланып жүрген ғылыми терминдер, ғылымдардың атауы (химия, алгебра), көптеген жұлдыздардың атының өзі арабшадан шыққан. Жалпы алғанда европаның философиясы мен мәдениеті мұсылман өркениетіндегі ойшылдардың, суретшілер мен ақындардың ықпалы зор болды.

Шығыста дамыған идеялар өз кезегінде Батыстың мүлкіне айналды. Батыс соңғы жүз жылдықта тарихи дамудың, әлеуметтік-экономикалық мәдени өмірдің жоғарғы шыңына шығыс ғұламаларының ғылым мен білімде қалдырған бай мұрасын жаңа бағытта дамытуының негізінде жетті. Батыстық Ренессанс Шығыстық Ренессанстың жаңа деңгейдегі жалғасы. Неміс ойшылы Гегель Шығыссыз, оның ішіндегі дайындықсыз, әлемдік тарихтың өзі болмайтын еді деп есептейді.

Ортағасырлық мұсылман әлемі мәдениетінің жоғары деңгейде болуының ең басты себептерінің бірі – өзара әрекет процесі, өзара байланысу, аккумуляция процесі болып табылады.

Дәл осы араб тілі мәдениетінің гүлденген шағында (X – XI ғғ.) Қараханид қағанаты экономикалық жағынан да, мәдени жағынан да өзіндік күш-қуатқа ие болады. Бұл кезеңді әр түрлі зерттеушілер әр қалай бағалайды. С.Г.Кляшторный бұл кезеңді ежелгі түрік империясының дамуының шарықтау шегіне жеткен кезі деп есептесе, өзгелері ислам дінінің қабылдану кезеңі деп есептейді.

Қарахан мемлекетінің негізін қалаушы Қашғар қаласының билеушісі Сатұқ Боғра 942 жылы Баласағұн қаласын басып алып өзін жоғарғы қаған деп жариялайды. 955 жылы Сатұқ Боғраның өлімінен кейін мемлекеттегі билікті оның баласы Мұса қаған иеленеді. Ол 960 жылы ислам дінін мемлекеттік дін деп жариялайды. Бұл түркі халықтарының арасындағы ең бірінші ислам дінін қабылдаған мемлекет еді.

Қараханид мемлекеті өзінің билік күш-қуаты үстем болған кезінде өзіне Мәуеренахрды, Ферғананы, Жетісуды, Қашқарды, яғни Хотаннан (Синь Цзян) Әму-Дарияның жағалауларына дейінгі аймақты бағындырды. Дәл осы Азияның орталығында бұл ежелгі жерлерде Шығыстың ұлы мәдениеттері – византиялық, араб, парсы, үнді және қытай мәдениеттері ұштасты. Сондай-ақ Қараханид қағанаты жерортатеңіздік және алысшығыстық мәдениеттерді байланыстырушы болды. Азияның әлемдік сауда жолдарының тоғысқан жерінде болғандықтан, олар Қытаймен, Иранмен және көптеген көшпелі халықтармен, тайпалармен байланысты. Бұл территорияда мәдениеттердің ең үздік жетістіктерін игере отырып және өздерінің дәстүрлерін дамыта отырып 1000 жыл бұрын түркілердің көшпелі тайпалары екімыңжылдық қала мәдениетінің жетістіктерін игере бастады.

Қағанаттағы экономика үлкен жетістіктерге жетті: тігін, әйнек және қыш өнеркәсібі, ұсташылық жоғары қарқынмен дамыды. Қыш өндірісі кең етек алып, керамика тек ыдыс өнеркәсібінде емес, құрылыс саласында да пайдалыныла бастады.

Қараханид мемлекетінің ірі қалалары араб дәстүрлерін жалғастыра отырып Боран (Хғ.), Үзкент (XIғ.), Калян (1127ж), Бұхарада Магоки-Ат-Тари мешіт-минареті (XI – XII ғғ.), Жар-Корганда (1108-1109жж), Вабкентте (1196-1197) т.б. құрылыстар салынды[3].

Әр түрлі мұсылман орталықтарында ерекше және формасы жағынан бір-біріне ұқсамайтын мұнаралар тұрғызылды. Ежелгі кезден мұнара мешіттердің жанына салынатын болған. Ол күзет немесе белгі беретін мұнараға, маякқа ұқсас болған. Мұнараның салынудағы қызметі дінге сенушілерді намазға азан айтып шақыру болған. Бұл міндетті мешіттегі арнайы қызметші – муэдзин(азаншы) атқарған. Мұнара көбінесе мешітке етене жақын салынды. Ол мешітті аспанмен байланыстырушы сияқты болып көрінеді.

Мұнаралар халықтардың дәстүріне, салт-санасына байланысты әр түрлі формада салынған. Ежелгі ескерткіштердің қатарына Сирияның шаршы мұнаралары енген. Олар римдік және эллиндік мұнараларға ұқсас христиан шіркеулерінің қоңырауларына сәйкестендіріліп жасалған. Шаршы типтегі мұнара Солтүстік Африка елдерінде және Андалусияда кездеседі. Ал Орталық Азияда Таяу және Орталық Шығыстағы сияқты дөңгелек пішінді жоғарғы жағы қысыңқы келген мұнара түрі салынған.

Әр түрлі орталықтарда және әр түрлі тарихи кезеңдерде бұл мұнаралардың өлшемдері, формалары, элементтері өзгеріске ұшырап отырған. Мысалы Буран мұнарасы мешіттің батыс жақ бөлігінде орналасқан, биіктігі 45 метрге дейін жеткен. Барлық мұнаралардікі сияқты оның жоғарғы бөлігі фонарь тәрізді болған. Қазір мұнараның биіктігі 24,6 метрді құрайды. Басқа бөлігі әр түрлі табиғат апаттары әсерінен бұзылған.

Ежелгі уақыттан мұнаралар жергілікті халықтың назарына ие болған, «Бурана» атауының өзі арабтың «монара» - мұнара деген сөзінен бұрмаланып алынған[4].

Қараханидтер кезеңінде Орталық Азияда жаппай қырғын-сүргін болған жоқ. Мауеренахр мен Жетісу қалалары бұл кезеңде рабадтардың, яғни сауда-кәсіп кварталдарының өркендеуі есебінен жоғары деңгейде дамыды. Онда шығыс базарларының саудасы қызып жатты, қыш-құмыра жасаушы, мыс ыдыстар, айна, суретшілердің таңқаларлық өнерлері сансыз колөнершілердің жұмыстары қайнап жатты. Қараханидтер дәуірінде ислам діні Орта Азияның негізгі діні ретінде қалыптасты, адамдардың өмірлік көзқарастары өзгеріп өзіндік бір мәдениет қалыптастырды. Бұл кезеңде мәдениеттің барлық салаларында инновациялық даму байқалды. Ескі құндылықтар жаңа құндылықтарға алмастырылды. Бұны біз зороастризм, буддизм және христиандардың діни орындарының мешіттерге алмастырылуы мен жаңа мешіттердің құрылуынан байқаймыз. Бұл дәуірдегі Орталық Азияның мәдени дамуын ғылыми және қоғамдық ой тұрғысынан терең зерттеу керектігін көрсетіп отыр.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. А.Мец. Мусульманский ренессанс, М.1996.
2. Генон Р., Влияние исламской цивилизации на Европу// вопросы философии, 1991, №4.
3. Караев О., История Караханидского каганата. Фрунзе.,1983.
4. Путеводитель. Республиканский археолого-архитектурный музей-комплекс башня Бурана, Фрунзе, 1989.

УДК 94(574)

ИСТОРИЯ МУЗЕЯ СЕЛА МИХАЙЛОВКА

Атанасова Алена Юрьевна

alenushka_231999@mail.ru

студенткаГККП «Гуманитарный колледж» Управления образования г.Астаны, Казахстан
Научный руководитель – Г.Капасова

В 2017 году началась реализация программы «Рухани жаңғыру»[1]. Одним из спецпроектов программы является патриотический проект «Туған жер», цель которого - воспитание у казахстанцев чувства истинного патриотизма, который выражается в любви, гордости и преданности своему аулу, городу, краю, его истории, культуре, традициям и быту, нравственном долге перед Родиной. «Туған жер» - одна из настоящих оснований нашего общенационального патриотизма. Патриотизм рассматривается как часть национальной стратегии государства, и одна из его основ закладывается в любви к своей малой Родине, родной земле – «Туған жер». Программа предполагает системный подход по 3 ключевым направлениям, одним из которых является краеведческая работа. Я с детства проявляла интерес к истории, в школьные годы стала экскурсоводом школьного музея.

Родилась я в небольшом селе под названием «Михайловка». Моё детство и школьные годы прошли на земле, прошедшей длинный и сложный путь к становлению его таким, каким я вижу сейчас.

Наше село Михайловка основано переселенцами из Орловской, Курской и Воронежской губерний в 1880 - 1890 гг XIX века. На место расположения будущего села сначала прибыли ходоки, а затем первые поселенцы с семьями - Ногаев, Попов, Лифирин, Сокольцев и другие. Место основания села благоприятствовало занятию земледелием и скотоводством. Происхождение названия села точно не установлено, но старожилы утверждали, что первым праздником, отпразднованным переселенцами в новом селе был религиозный праздник – Михайлов день, поэтому село было названо Михайловка [3].